

БУЛЛИНГКЕ ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ РӨЛДІК ҰСТАНЫМЫ

*Махадиева А.К.¹, Албытова Н.П.², Сламбекова Т.С.³, Махадиева А.К.⁴

*¹PhD, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан

e-mail: aselek2287@mail.ru

²П.ғ.к., доцент, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан

e-mail: nalbytova@mail.ru

³П.ғ.к., доцент, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан

e-mail: tolkyn_1969@mail.ru

⁴ PhD, Шымкент университеті, Шымкент, Қазақстан

e-mail: asema_2189@mail.ru

Аңдатпа. Әлемдік кеңістікте адамның психологиялық көңіл-күйі, психологиялық денсаулығы, жекелей тұлғалар мен өсіп келе жатқан ұрпақ үшін психологиялық қауіпсіз орта қалыптастыру мемлекеттік деңгейде ғана емес адамзаттың басты мәселесіне айналууда. Бүгінде қоғамда жеткіншектер арасында деструктивті мінез-құлық формалары: терроризм, буллинг, кибербуллинг, агрессивті мінез-құлық, моббинг белең алуда. Әсіресе буллинг, кибербуллинг жеткіншектер арасында жиі кездесетіндігі де бүгінгі сандық көрсеткіштерден белгілі. Мектептегі буллинг мәселелері Америкада 40-50 жыл бұрын, Скандинавия елдерінде өткен ғасырдың 70-80 жылдарынан бастап қарастырылса, бүгінде цифрлық технологиялардың қарқынды дамуына сәйкес кибербуллинг мәселесі туындады.

«Буллинг» белгілі бір индивидтің немесе топтың жекелей тұлғаларға психологиялық тұрғыдағы қысымы, кері әсері, өзгелерде үрей туындату, физикалық немесе психологиялық террор. Буллинг – агрессивті мінез-құлық түрі. Зерттеушілер атап өткендей, денсаулығының нашарлығымен, әлеуметтік мәртебесінің төмендігімен, айқын физикалық ауытқулардың байқалуымен (еріннің жарылуы немесе сенсорлық есту қабілетінің жоғалуы, кейбір фенотиптік ерекшеліктер және т.б.) ерекшеленетін балалар буллингке ұшырайды.

Буллингтің әсерінен жеке тұлға денсаулығына, ар-намысы мен қадір-қасиетіне нұқсан келеді, өзін-өзі бағалау деңгейі төмендейді, санасын үрей жаулайды.

Буллингке қатысушылар саналы және санасыз тұрғыда әр түрлі рөлдерді атқарады. Демек мақала буллингке қатысушылардың рөлдік бағытын айқындауға арналған. Зерттеу барысында алыс-жақын шетелдік және отандық зерттеушілердің еңбектері негізінде буллингке қатысушылардың психологиялық бейнесі құрастырылды, буллинг құрылымы (буллерлер, ізбасарлар, жәбірленушілер, қолдаушылар, пассивті қолдаушылар, қорғаушылар, немқұрайлы қорғаушылар, толықтай қорғаушылар) айқындалды. Е.Г.Норкиннің «Буллинг-құрылым» әдістемесі арқылы эмпирикалық зерттеу жүргізу негізінде буллингке қатысушылардың рөлдік бағыты сараланды. Олар: басқарушы, көмекші, жәбірленуші, қорғаушы, бақылаушы.

Мақалада зерттеуден алынған нәтижелер негізінде оқушылар арасындағы буллингтің алдын алу мақсатында ұсыныстар берілді.

Тірек сөздер: буллинг, жеткіншектер, рөлдік позициялар, жәбірлеуші, жәбірленуші, басқарушы, көмекші, қорғаушы

Негізгі ережелер

Қазіргі уақытта білім беру мекемелері мен оқушылар арасында буллинг немесе қорқыту өзекті мәселелердің бірі. Бұл жеткіншектер арасында суицид

қауіпінің күшеюіне, балалар арасындағы агрессиясының жоғарлауына, балалар ұжымында зорлық-зомбылық пен қатыгездіктің артуына, оқу үлгерімінің төмендеуіне және эмоциялық бұзылуларға әкелу қауіпін тудыруда. Осы орайда мемлекетімізде «Баланы жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу қағидалары» қолданысқа енгізілген [1]. Олай болса, мектеп - жеткіншектердің қалыпты дамуын және тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуына жауап беретін, ондағы өзара қарым-қатынас жүйесін қалыптастырушы өте маңызды орта болғандықтан оқушылар арасында буллингтің алдын алу, жүйелі ғылыми зерттеулер жүргізу, нәтижесін білім беру ортасына енгізу аса қажет.

Өйткені бала өмірінде ең алғашқы ұжымда, яғни мектепте мысалы, «жәбірленуші», «жәбірлеуші», «пассивті бақылаушы» рөліне еніп, оның қырсырын меңгерген бала өмір бойы сол ізбен жүруі де мүмкін. Бұл бізге үлкен ой салатын мәселе.

Кіріспе

Заманауи қоғам үшін әрбір адамның әл-ауқаты мен қауіпсіздігі өте өзекті. Тіпті осы критерийлер бойынша мемлекеттердің рейтингісі де қалыптасқан.

Қазақстанның мемлекеттік саясаты әрбір азаматтың құқықтарын бекітеді және азаматтардың өмірін, денсаулығы мен әл-ауқатын қорғауды көздейтін қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған.

Мектептегі жәбірлеу, демек буллинг мәселесіне жүйелі түрде ең алғаш рет 1970 жылдардың соңында скандинавия ғалымдары назар аудара бастаған (Д.Олвеус, П.П.Хайнеманн, А.Пикас, Е.Роланд) [2].

Буллингтің конфликтіге тән құрылымы болғанымен, алайда оның өзіндік ерекшеліктері бар олар: қорлаудың ұзақ мерзімді қайталанатын сипаты, буллер мен жәбірленушінің күштерінің сәйкессіздігі. Жеткіншек жәбірленушінің немесе бастамашының мінез-құлық модельдерін игере отырып, болашақта да сол бойынша жүруі мүмкін. Егер модель оған тиімді болса, онда ол мінез-құлық стилі ретінде әрекет ету арқылы қылмыстық мінез-құлыққа, кейде суицидке әкеледі [3].

Бүгінде ұзаққа созылған конфликт, буллинг, моббинг жағдайындағы белгілі рөлдерді таңдау әлеуметтік психология ғылымының (Г.В.Биктагирова, Р.А. Валеева, М.И. Еникеев, В.П. Коновалов, А.В. Мудрик, А.Р.Петросянц, В.И.Полубинский, В.А. Туляков, С. Хартман, Б. Холыст, В.Е. Эминов, Е.И.Файнштейн, Т.Г.Гришина және т.б.), тұлға психологиясының (В.Л. Васильев, М.А. Догадина, И.И. Мамайчук, М.А. Одинцова, Л.О. Пережогин, Л.М. Прокументов, Л.В.Франк және т.б.), психопатологияның (Н.К. Асанова, В.Я. Рыбальская және т.б.) назарында.

Буллинг мәселесін алғаш зерттеген ғалымдардың бірі Д.Олвеус оны «әлеуметтік биліктің немесе физикалық күштің теңсіздігін қамтитын қасақана жүйелі түрде қайталанатын агрессивті мінез-құлық» деп анықтайды. Сондай-ақ, зерттеуші Д.Олвеус буллингтің келесідей рөлдік құрылымын сипаттаған:

- жәбірлеудің құрбаны болған оқушы («victims»);

- зорлық-зомбылықты жүзеге асыратын, буллинг процесінде көшбасшылық рөлдерді атқаратын оқушылар – «буллерлер» немесе қудалаушылар, агрессорлар («bullies»);

- басқаларды жәбірлеуді құптайтын және оған белсенді қатысатын, бірақ әдетте бастамашы емес, басты рөлді атқармайтын агрессордың ізбасарлары;

- пассивті «буллерлер» - күлкіге айналдыру немесе жағдаятқа назар аударатын, бірақ тікелей араласпайтын буллингті ашық қолдайтын оқушылар;

- потенциалды «буллерлер» - қорқытуды ұнататын, бірақ оны сырттай көрсетпейтін оқушылар;

- «бақылаушылар» (немқұрайлы куәгерлер);

- буллингке қатыспайтын және бұл олардың ісі емес деп санауы мүмкін, яғни жағдайға немқұрайлы қарайтын («bystanders») оқушылар;

- «потенциалды қорғаушылар» - зорлық-зомбылықты қауіпті әрекет деп қарайтын және жәбірленушіге көмектесу қажеттілігін түсінетін, бірақ ешқандай әрекет жасамайтын оқушылар;

- «қорғаушылар» - құбылысқа теріс көзқараспен қарайтын, жәбірленушіні қорғайтын немесе оған көмектесуге тырысатын оқушылар [4].

Е.Роланд буллингті қудалаушылар, жәбірленушілер, сондай-ақ сыртқы бақылаушыларды қамтитын әлеуметтік жүйе ретінде қарастырады. Ол «буллинг - бұл белгілі бір жағдайда өзін қорғай алмайтын, бір адамның немесе адамдар тобының басқа адамға саналы түрде қатаң қарым-қатынасының (физикалық немесе психикалық) ұзақ процесі» деп санайды [5].

Жоғарыда айтылған пікірлерді буллинг процесінің құрылымына ерекше назар аударған Д.Лейннің зерттеулерімен растауға болады. Автордың бақылауларына сәйкес, буллинг құрбанын қудалау және басу көбінесе бірнеше жыл бойы жалғасады. Сондай-ақ, Д.Лэйн адамның осы мінез-құлқының оның болашақ мінез-құлқын болжауға мүмкіндік беретінін атап өтті [6].

Ресейлік ғалым Т.Г.Гришина буллинг жағдайында жеткіншектердің рөлдік мінез-құлқына («агрессорлар» рөлі мен «жәбірленуші» рөлі) тоқтала келе, жеткіншектер арасындағы «буллерлер» мен «жәбірленушілердің» психологиялық портретін берген. Ол жеткіншектер тұлғасының әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктері буллингке қатысушылардың мектептегі «қорлау» үстіндегі мінез-құлқына, «қорлау» жағдайындағы рөлді таңдауға («жәбірленуші» немесе «агрессор») әсер етеді, сондай-ақ буллинг жағдайындағы эмоционалдық реакцияны анықтайды: агрессия, дәрменсіздік, өзіне зиян келтіру, гиперәлеуметтілік, сыни тұрғыдан қарай алмау, іске асырылған қорлау /жәбірлеу/ немесе виктимділік. Зерттеуші бойынша «буллерлер» мен «буллинг құрбандарына» индивидуалдық - психологиялық ерекшеліктер тән [7].

Ғалым О.Л.Глазман буллингке қатысушылардың тұлғалық-психологиялық ерекшеліктерін жақсы түсіну үшін олардың қандай позицияларды иеленетінін және қандай рөлдерді атқаратынын түсіну керек, олай болса, «буллинг-құрылымын» анықтау маңызды дей келе, «буллинг-құрылымын» мына тұрғыда ұсынады:

1. Бастамашылар (ренжітушілер) жалпы агрессивтіліктің жоғары әлеуеті бар адамдар ретінде сипатталады. Олар өз құрбандарына ғана емес, сонымен қатар мұғалімдер мен туыстарына да шабуыл жасайды.

2. Бастамашының көмекшілері «қорлаушыға» көмектесуге және оларға еліктеуге ұмтылуымен сипатталады. Олар тікелей буллингті пайдаланып жәбірленушіні күлкі етеді және қол көтереді (ұрады).

3. «Жәбірленушінің» қорғаушылары, әдетте қорғаушылар сыныптастары арасында ең үлкен беделге ие. Олар құрдастарына қарсы буллингті көрсете бермейді және өзі де буллинге аз түседі.

4. Құрбандар. Мұндай балалар психологиялық зорлық-зомбылықты, оқшаулануды және жалғыздықты, қауіп пен мазасыздықты сезінеді. Буллингтің «құрбандары» депрессия белгілерімен, мазасыздықтың жоғары деңгейімен және басқа да жағымсыз эмоционалды көріністермен сипатталады.

5. Бақылаушылар (куәгерлер). Буллинг жағдайында куәгерлер ролінде балалардың көпшілігі болады [8, 170-174].

Буллинг пайда болған кезде сыныпта белгілі бір иерархия немесе буллинг құрылымы қалыптасады, ол қатысушылардың бекітілген типтері (рөлдері) бар әлеуметтік жүйе болып табылады:

1) бала агрессор/буллер (балалар ұжымындағы көшбасшы, шабуылшы). Агрессорлар көбінесе өз мақсаттарына үстемдік пен бағындыру арқылы қол жеткізуге болатынына сенімді, өз құрбандарына жанашырлық таныта алмайтын, физикалық жағынан күші басым, өте импульсивті, оңай қозады және агрессивті типтегі жалған мінез-құлық көрсетеді.

2) қудалауға қатысатын балалар (көшбасшының мінез-құлқына еріп жүретін, қудалауға қосылатындар).

3) бала – «құрбан» яғни жәбірлеу объектісі [9].

Буллинг бастамашысы болған жеткіншектердің арасында отбасындағы зорлық-зомбылықтың құрбаны немесе куәгері болған, ата-анасының бауырларын мазақ еткенін, әкесі анасын ұрып-соғып жатқанын көргендер 3 есе көп. Ресейлік зерттеулердің көрсетуі бойынша, булли (ұлдар да, қыздар да) әкесімен, әсіресе ұлдар анасымен қарым-қатынаста қиындықтарға тап болған балалар. Сондай-ақ әлеуметтік аз қамтылған отбасылардың балалары буллингтің құрбаны болу ықтималдығын көрсетеді [10].

Шетелдік ғалымдар отбасы білімінің, әлеуметтік жағдайының, мәдениетінің төмен деңгейі «тәрбиенің сәйкес келмейтін стиліне» әкеледі және бұл әлеуметтік дағдылардың жеткіліксіз дамуына, балалар мен жасөспірімдердің агрессиясына әкеледі деп санайды [11].

Егер, баланың агрессияны бақылап, араласпай және теріс реакциясы болмаса, онда ол агрессивті әрекеттерді дұрыс деп қабылдайды. Агрессия және фрустрацияның дамуының тағы бір механизмі - ол отбасында немесе мектепте жеткіншектер үшін маңызды қажеттіліктердің бұзылуы, болмауы. Мысалы, бала басқалардың құрметіне ұмтылады, бірақ іс жүзінде ол үнемі жәбірлеуге тап болады. Бұл балада агрессивтілікті тудыруы мүмкін. Жәбірленушілер екі санатқа бөлінеді: пассивті және агрессивті. Агрессивті

жәбірленушінің зорлық-зомбылық жасаушымен бірдей тұлғалық белгілері бар, ол да басқаларға қарсы агрессивті әрекеттер жасайды [12, 413-440].

Мұғалім белгілі бір жағдайда зардап шеккен оқушының кім екенін түсіну үшін буллинг-құрылымының осындай ерекшеліктерін білуі қажет.

Жәбірленушінің келесідей типтік қателіктері болады:

- өзін кінәлайды;
- буллерге бір нәрсені түсіндіруге немесе оны логикалық дәлелдермен сендіруге тырысады;
- буллерге достық және тіпті пайдалы қарым-қатынас арқылы жетуге тырыады;
- буллер позициясына кіруге тырысады;
- мәселенің салдарын елемейді және үнсіз қалдырады;
- пассивті агрессия жәнекек алу туралыойлар;
- тиімсіз кеңестердітыңдайды;
- буллингті персоналды түрде қабылдайды [13].

Д.Ольвеус өзінің зерттеуінде бақылаушылардың бірнеше түрін ажыратып көрсетті. Біріншісі бейтараптар – өздері конфликтіге қатыспайды және одан алшақтайды. Арандатушылар – агрессияны қолданбайтындар, бірақ өз мүдделері үшін басқалар арасында зорлық-зомбылық пен қорлауды тудыратындар (жеңімпазға ставка қояды, бейне жазбаға түсіреді және интернетке жүктейді және т.б.). Жанашырлар (не болып жатқанымен келіспейді, бірақ әдетте үнсіз жүреді). Олар сыныпта болып жатқан оқиғаларды ұнатпайды, алайда олар араласпауға тырысады (өздері құрбан болудан қорыққаннан болуы мүмкін), нәтижесінде бұл оларға немқұрайлылықтудырады немесе олар өздерін әлсіз сезініп, буллингтің «жанама» құрбаны болады. Әдетте жанашырлар белсенді ұстанымға ие: жәбірленушіні қолдау және құқық бұзушымен ашық қақтығысқа түсу. Куәгерлер маңызды және толыққанды қорлау субъектілері, олар көбінекей сан жағынан көп болады. Жәбірлеу олардың үнсіз келісімі мен мақұлдауынан туындайды. Жәбірлеу – бұл жәбірленушінің немесе буллердің проблемасы емес. Бұл қоршаған орта мәселесі, ал куәгерлер жағдайға әсер етудің нақты мүмкіндіктері бар жалғыз субъект болып табылады [14].


Жалпы буллинг – агрессивті мінез-құлықтың көптеген түрлерін қамтитын деструктивті тұлғааралық өзара әрекеттесудің бір түрі. Осы тұрғыда мектептегі буллингке қатысушылардың психологиялық портретін құрастыруға болады:

«Агрессорлар» өзіне деген сенімділікпен, сәттілікпен, импульсивтілікпен, ашуланшақтықпен, үстемдік және эмпатияға деген қажеттілікпен ерекшеленеді. Мұндай адамдар беделді әріөздерін мойындайтын ыңғайлы қарым-қатынас шеңберін нақты құра алады. Олар көбінесе толық емес немесе жұмыссызотбасылардан тәрбие алғандар. Агрессорлар санатына «ізбасарлар» класы жатады, олар ең күшті және беделді жасөспірімдер санатында. Сондай-ақ, сенімсіздікпен, қорқақтықпен, қоғамға жат мінез-құлықпен ерекшеленеді. Олар агрессормен достықты сыныпқа әсер ету мүмкіндігі ретінде қабылдайды.

«Жәбірленушінің» көрсеткіштері: оқшаулану, өзін-өзі бағалау төмендігі, достарының болмауы, өзіне және айналасындағыларға көңілі толмау, мазасыздық, сезімталдық, ұялшақтық, агрессивтілік. Мұндай жағдайға көбінесе мектепке жаңадан келген оқушылар немесе мұғалімдер үнемі мысалға алып отыратындар тап болады.

«Куәгерлер» және «қорғаушылар» санатын қарастыратын болсақ - бұл санатқа балалар да, айналасындағы ересектер де, мектеп қызметкерлері де кіреді. Куәгерлердің қорғаушылардан айырмашылығы, жай ғана жанжалға араласқысы келмей сырттан бақылайтындар, ал қорғаушылар белсенді түрде «әділдік үшін күресетіндер» [15].

Сонымен, ұсынылып отырған буллинг құрылымын мынандай сызба түрінде көрсетуге болады (Сурет -1).



Сурет 1 - Буллинг-құрылымы

«Буллинг-құрылым» қазақстандық білім ортасында қалай көрінетінін анықтау мақсатында Е.Г.Норкиннің «Буллинг-құрылым» әдістемесі тандап алынып, Астана қ. №48 А.Байтұрсынов атындағы мектеп-лицейдің 7-сынып оқушыларына жүргізілді. «Буллинг-құрылым» әдістемесі сыныпта зорлық-зомбылықтың бар екендігін анықтауға арналған 25 сұрақтан және буллингтегі рөлдерді анықтауға мүмкіндік беретін 5 шкаладан тұрады. Буллингтегі рөлдер: басқарушы, көмекші, қорғаушы, жәбірленуші, бақылаушы.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу мақсаты: Жеткіншектердің буллингтегі рөлдері мен позицияларын анықтау. Зерттеудің мақсатына жету үшін келесі міндеттер қойылды:

- «Буллинг-құрылым» әдістемесі арқылы оқушылардың буллингтегі рөлдерін анықтау;
- Әдістемеден алынған нәтижелерге сүйене отырып, буллингтің алдын алуға байланысты ұсыныстар беру.

Зерттеу нысаны: Білім беру ортасындағы «Буллинг-құрылым».

Зерттеу пәні: Жеткіншектер арасындағы буллингтегі рөлдердің өзара байланысы.

Нәтижелер және талқылау


Жасөспірімдер арасында буллингтегі рөлдері мен позицияларын анықтау үшін Е.Г.Норкиннің «Буллинг-құрылым» әдістемесі жүргізілді. Жалпы зерттелушілер саны 28 оқушы (19 қыз, 9 ұл бала). Алынған нәтижелерді төмендегі 1- кестеден көруге болады.

Кесте 1 - Е.Г.Норкиннің «Буллинг-құрылым» әдістемесі нәтижесі

Басқарушы	Көмекші	Қорғаушы	Жәбірленуші	Бақылаушы
18	8	18	8	1
	3	19	5	19
		10	14	3
	13		2	4
1		26	26	
15	1	2	2	2
11	8	11	7	8
4	4	17	4	2
6	1	18	1	2
21		21	1	4
7	16	7	1	1
9	2	13	13	4
14	14	6	3	4
4	1	17	4	4
17	1	8		1
3		21	3	3
14	4	14		9
1	4	1	1	21
6	1			6
13	1	10		1
10	10		3	4


Кестеден көріп тұрғанымыздай сыныпта басқарушы және қорғаушы рөліндегі оқушылар көп. Әрбір буллингтегі рөлдердің санын төмендегі 2-суреттен байқауға болады.

Сурет 2 - Буллингтегі рөлдер саны



Зерттеуге алынған оқушылар арасында буллингтегі басқарушы рөлінде - 9 оқушы, көмекші-2, қорғаушы -11, жәбірленуші -3, ал бақылаушы -1 оқушы. Яғни, зерттелуші оқушылар арасында басқарушы мен қорғаушылар басым. Олардың пайыздық шамасын келесі суреттен көруге болады.

Сурет 3 - Буллингтегі рөлдер саны (пайыздық көрсеткіш)



Буллингтегі басқарушы рөліндегі оқушыларғаагрессивтіліктің жоғарғы деңгейі тән. Олар өз құрбандарына ғана емес мұғалімдер, тіпті туыстарына да шабуыл жасауы мүмкін.

Буллингті басқарушылардың көмекшілері «жәбірлеушіге»көмектесуге және оған еліктеуге ұмтылуымен сипатталады. Олар тікелей қорқытуды пайдаланады, тіпті қол көтеруге (ұруға) дейін баруы мүмкін.

Жәбірленушіні қорғаушылар, көпшілігінде олар сыныптастары арасында ең үлкен беделге ие. Олар көбінекей басқаларды жәбірлеуге ұмтылмайтындар.

Құрбандар/жәбірленушілер. Мұндай оқушылар психологиялық зорлық-зомбылықты, оқшаулануды және жалғыздықты, қауіп пен мазасыздықты сезінеді. Әдетте оларда депрессия белгілері мен мазасыздықтың, үрейдің жоғары деңгейі байқалады. Және олардың бойында басқа да жағымсыз эмоционалды көріністер байқалады.

Бақылаушылар (куәгерлер). Қорқыту жағдайындағы «куәгерлер» рөліндегі оқушылардың көпшілігі өздерінің мінез-құлықтарының алуан түрлілігімен ерекшеленеді.

Алынған нәтижелерден оқушылардың бойында екі рөлді тең дәрежеде атқаратындар кездеседі. Мысалы, басқарушы-қорғаушы, басқарушы-көмекші, қорғаушы-жәбірленуші. Бұл дегеніміз буллингтегі басқарушы рөліндегі оқушы зорлық-зомбылыққа түскен оқушыны қорғауға қабілетті. Сонымен қатар басқарушы рөліндегі оқушы зорлық-зомбылықты бастаған оқушыға көмекші де бола алады. Қорғаушы рөліндегі оқушылар зорлық-зомбылықтың құрбаны болуға бейім болып келеді деп тұжырым жасауға болады.

Қорытынды

Балалар мен жасөспірімдер арасында бір-бірінің психологиялық жайлылығы мен әл-ауқатына қауіп төндіретін, тұлғаның тіпті кейде өмір бойғы жан жарасына айналып, денсаулығының бұзылуына душар ететін буллингті зерттеу және алдын алу өзекті мәселе болып отыр. Буллингке қатысушылар санаттарына қарамастан белгілі бір дәрежеде психологиялық кедергілерге тап болады. Сондықтан мектептегі қорлаудың барлық қатысушыларымен, сондай-ақ педагогикалық ұжыммен және оқу орындарының әкімшілігімен кешенді және жүйелі жұмыс жүргізу қажет деп санаймыз.

Сондай-ақ біз өз зеттеуімізде буллингке қатысушылардың рөлдік позициясын анықтаумен бірге буллингтің алдын алуға байланысты ұсыныстар беруді жөн көрдік:

- 1) ҚР «Баланы жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы қағидаларына» сәйкес жеткіншектермен жүйелі жұмыс жүргізу;
- 2) Мектепте буллинг жағдайын диагностикалауға арналған құралдарды әзірлеу; буллинг жағдайында рөлдік позицияларға бейім балаларды айқындау; «қауіпті топты» нақтылау;
- 3) Жеткіншектердің бойында виктимді ситуацияға төтеп бере алуға мүмкіндік беретін психологиялық сапаларды: эмпатия, коммуникативтілік толеранттылық, бірегейлік, өзін-өзі бағалау, қауіпті сезіну, бақылау және т.б. қалыптастыру;
- 4) Жеткіншектерге буллинг жағдайында одан шығу жолдарын меңгерту, стресстен, агрессиядан шығу жолдарын үйрету;
- 5) Педагогикалық қауымдастыққа буллингтің алдын алудың тиімді әдіс-тәсілдерін қолдану бойынша әдістемелік нұсқаулықтар әзірлеу;
- 6) Педагогикалық қауымдастыққа ата-аналармен бірлесе отырып білім беру ортасында жеткіншектердің психологиялық қауіпсіздігін сақтау, комфортты орта құру жолдарын қарастыру.

Олай болса, бүгінгі педагогикалық қауымдастықтың ғана емес, мемлекеттің басты міндеттерінің бірі балаларды қорғау, бір-біріне қорлатпау.

*Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігіне
BR18574152 «Балаларға қатысты буллингтің алдын алу шараларын әзірлеу*

және оның өзекті аспектілерін зерттеу» тақырыбында ҚР Ғылым комитетінің, Ғылым және жоғары білім министрлігінің мақсатты-қаржыландыру бағдарламасының гранттық жобасы шеңберінде даярланған.

ӘДЕБИЕТ

[1] Қазақстан Республикасы «Баланы жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы қағидалары» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 21 желтоқсандағы № 506 бұйрығы. Кіру режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200031180> [Қаралған күні 14.09.2023]

[2] Бутенко В. Н., Сидоренко О. А. Буллинг в школьной образовательной среде: опыт исследования психологических особенностей «обидчиков» и «жертв» //Вестник Красноярского государственного педагогического университета им. В.П. Астафьева. – 2015. – №. 3 (33). – С. 138-143.

[3] Лучинкина И. С., Фазилова А. Э. Психологические особенности личности с различными ролевыми позициями в буллинг-структуре //Мир науки. Педагогика и психология. – 2021. – Т. 9. – №. 4. – С. 8.

[4] Olweus D. Bullying at school. Access mode: <https://books.google.ru/books?id=4qNLY13mkDEC&dq=Olweus+D.+Bullying+at+school&hl=ru&sa=X&ved=2ahUKEwjrytnf797sAhVBS4sKHbqrBfYQ6AEwAHoECAAQAQg> [Date of access: 14.09.2023]

[5] Roland E. School Influences on Bullying. – Durham University, 1998. - Access mode: URL [http://etheses.dur.ac.uk/1047/1/1047.pdf?ETHOS%20\(BL\)](http://etheses.dur.ac.uk/1047/1/1047.pdf?ETHOS%20(BL)) [Date of access: 14.09.2023]

[6] Лейн Д.А. Школьная травля (буллинг) /Д.А. Лейн, Э. Миллер - СПб.: Питер, 2001. - 448 с.

[7] Гришина Т.Г. Социально-психологические факторы ролевого поведения подростков в ситуации буллинга. Автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата психологических наук. Специальность 19.00.05 – Социальная психология (психологические науки). Москва – 2021. Режим доступа: <https://www.dissercat.com/content/sotsialno-psihologicheskie-factory-rolevogo-povedeniya-podrostkov-v-situatsii-bullinga/read> [Дата обращения: 14.09.2023]

[8] Головинова Ю.В., Косач Е.В. Правовая сказка: в поисках эффективного средства профилактики буллинга в школьной среде //Педагогическое образование на Алтае. – 2020. – №1. – С. 170-174

[9] Что делать, если ваш ребенок вовлечен. Руководство для родителей про буллинг /Под ред. А.А. Реан. – М., 2019. – 50 с.

[10] Буллинг в школе: практика оказания психологической помощи пострадавшим детям: учебно-методическое пособие /авт-сост: Чурсинова О.В., Ярошук А.А. – Ставрополь: СКИРО ПК и ПРО, 2021. – 86 с.

[11] Solomon C.R., Serres F. Effects of Parental Verbal aggression on Children's self-esteem and School Marks //Child Abuse & Neglect. - 1999. - V. 23. - № 4. - P. 339.

[12] Margolin G. et al. The co-occurrence of husband-to-wife aggression, family-of-origin aggression, and child abuse potential in a community sample: Implications for parenting //Journal of interpersonal violence. – 2003. – Т. 18. – №. 4. – С. 413-440

[13] Ларченко Н. А. Буллинг-причины, формы, профилактика //Методический материал. Волгоград. – 2015.

[14] Жекулина Т.М. Травля в школе. Нарративный подход к работе с проблемой. – М.: Генезис, 2018. – 182 с.

[15] Власова М. А. Буллинг в современной образовательной среде //Скиф. Вопросы студенческой науки. – 2019. – №. 3 (31). – С. 15-17.

REFERENCES

[1] Qazaqstan Respublikasy «Balany zhabirleuding (bullingting) profilaktikasy kagidalary» (Rules for the Prevention of child abuse (bullying) of the Republic of Kazakhstan) Qazaqstan Respublikasy Oqu-agartu ministrining 2022 zhylygy 21 zheltoqsandagy № 506 buirygy. Kiru rezhimi: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200031180> [Qaralğan küni 14.09.2023] [in Kaz.]

[2] Butenko V. N., Sidorenko O. A. Bulling v shkolnoi obrazovatelnoi srede: opytissledovaniya psihologicheskikh osobennostej «obidchikov» i «zhertv» (Bullying in the school educational environment: the experience of studying the psychological characteristics of "abusers" and "victims") //VestnikKrasnoyarskogogosudarstvennogopedagogicheskogouniversitetaim. V.P Astafeva. – 2015. – №. 3 (33). – S. 138-143. [in Rus.]

[3] Luchinkina I. S., Fazilova A. E. Psihologicheskie osobennosti lichnosti s razlichnymi rolevymi pozitsiyami v bulling-strukture (Psychological characteristics of a person with different role positions in the bullying structure) //Mir nauki. Pedagogika i psihologiya. – 2021. – T. 9. – №. 4. – S. 8. [in Rus.]

[4] Olweus D. Bullying at school. Access mode: <https://books.google.ru/books?id=4qNLY13mkDEC&dq=Olweus+D.+Bullying+at+school&hl=ru&sa=X&ved=2ahUKEwjrytnf797sAhVBs4sKHbqrBfYQ6AEwAHoECAAAQAg> [Date of access: 14.09.2023]

[5] Roland E. School InfluencesonBullying. – Durham University, 1998. - Access mode: URL [http://etheses.dur.ac.uk/1047/1/1047.pdf?ETHOS%20\(BL\)](http://etheses.dur.ac.uk/1047/1/1047.pdf?ETHOS%20(BL)) [Date of access: 14.09.2023]

[6] Lejn D.A. Shkolnayatravlya (bulling) (School bullying) / D.A. Lejn, E. Miller - SPb.: Piter, 2001. - 448 s. [in Rus.]

[7] Grishina T.G. Socialno-psihologicheskie faktory rolevogo povedeniya podrostkov v situacii bullinga. (Socio-psychological factors of adolescent role behavior in bullying situations.) Avtoreferat dissertacinasoi s kanieuchenoy stepeni kandidata psihologicheskikh nauk. Specialnost 19.00.05 – Socialnaya psihologiya (psihologicheskie nauki). Moskva – 2021. Rezhim dostupa:<https://www.dissercat.com/content/sotsialno-psikhologicheskie-faktory-rolevogo-povedeniya-podrostkov-v-situatsii-bullinga/read> [Data obrashcheniya: 27.05.2023] [in Rus.]

[8] Golovinova Yu.V., Kosach E.V. Pravovaya skazka: v poiskah effektivnogo sredstva profilaktiki bullinga v shkolnoj srede (Legal fairy tale: in search of an effective means of preventing bullying in the school environment) //Pedagogicheskoe obrazovanie na Altae. – 2020. – №1. – S. 170-174. [in Rus.]

[9] Chto delat, esli vash rebenok vovlechen. Rukovodstvo dlya roditel'ej pro bulling (What to do if your child is involved. A guide for parents about bullying)/ Pod red. A.A. Rean. – M., 2019. – 50 s. [in Rus.]

[10] Bulling v shkole: praktika okazaniya psihologicheskoy pomoshi postradavshim detyam: uchebno-metodicheskoe posobie (Bullying at school: the practice of providing psychological assistance to injured children: an educational and methodological guide)/ avt-sost: Chursinova O.V., Yaroshuk A.A. – Stavropol: SKIRO PK i PRO, 2021. – 86 s. [in Rus.]

[11] Solomon C.R., Serres F. Effects of Parental Verbal aggression on Children's self-esteem and School Marks // Child Abuse & Neglect. 1999. V. 23. № 4. - P. 339.

[12] Margolin G. et al. The co-occurrence of husband-to-wife aggression, family-of-origin aggression, and child abuse potential in a community sample: Implications for parenting //Journal of interpersonal violence. – 2003. – T. 18. – №. 4. – S. 413-440

[13] Larchenko N. A. Bulling-prichiny, formy, profilaktika (Bullying-causes, forms, prevention) //Metodicheskij material. Volgograd. – 2015. [in Rus.]

[14] Zhekulina T.M. Travlya v shkole. Narrativnyj podhod k rabote s problemoj. (Bullying at school. A narrative approach to dealing with the problem.) – M.: Genesis, 2018. – 182 s. [in Rus.]

[15] Vlasova M. A. Bulling v sovremennoj obrazovatelnoj srede (Bullying in the modern educational environment)//Skif. Voprosy studencheskoj nauki. – 2019. – №. 3 (31). – S. 15-17.

РОЛЕВЫЕ ПОЗИЦИИ УЧАСТНИКОВ БУЛЛИНГА

*Махадиева А.К.¹, Албытова Н.П.², Сламбекова Т.С.³, Махадиева А.К.⁴

*¹PhD, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

e-mail:aselek2287@mail.ru

²к.п.н., доцент, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

e-mail:nalbytova@mail.ru

³к.п.н., доцент, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

e-mail:tolkyn_1969@mail.ru

⁴PhD, Шымкентский университет, Шымкент, Республика Казахстан

e-mail:asema_2189@mail.ru

Аннотация. Формирование психологического комфорта, психологического здоровья человека, психологической безопасной среды для отдельных лиц и подрастающего поколения не только на государственном уровне, но и в мировом пространстве становится главной проблемой человечества. Сегодня в обществе среди подростков набирают силу деструктивные формы поведения как терроризм, буллинг, кибербуллинг, агрессивное поведение, моббинг. Из сегодняшней статистики известно, что среди подростков особенно распространены буллинг и кибербуллинг. Проблемы буллинга в школе рассматривались в Америке 40-50 лет назад, в скандинавских странах с 70-80-х годов прошлого века. На сегодняшний день проблема кибербуллинга стала актуальным в связи с развитием цифровых технологий.

Буллинг - это психологическое давление, негативное воздействие, запугивание других, физический или психологический террор со стороны определенного человека или группы. Как отмечают исследователи, буллингу подвергаются дети с плохим здоровьем, низким социальным статусом, явными физическими отклонениями (заячья губа или нейросенсорная тугоухость, некоторые фенотипические особенности и т. д.).

Буллинг – это разновидность агрессивного поведения. Под воздействием буллинга наносится вред здоровью, чести и достоинству человека, снижается уровень самооценки, разум наполняется страхом.

Участники буллинга играют разные роли как на сознательном, так и на бессознательном уровне. Таким образом, статья посвящена определению ролевой позиции участников буллинга. В ходе исследования на основе работ зарубежных и отечественных исследователей дальнего и ближнего зарубежья был составлен психологический портрет участников буллинга, выявлена структура буллинга (буллеры, последователи, жертвы, сторонники, пассивные сторонники, защитники, равнодушные защитники, потенциальные защитники). В ходе исследования была дифференцирована ролевая позиция участников буллинга на основе проведения эмпирического исследования по методике Е.Г. Норкина «Буллинг-структура». Это: управляющий, помощник, жертва, защитник, наблюдатель.

В статье на основе результатов исследования были даны рекомендации по предотвращению буллинга среди подростков.

Ключевые слова: буллинг, подростковый возраст, ролевые позиции, управляющий, помощник, жертва, защитник, наблюдатель

THE ROLE POSITIONS OF THE PARTICIPANTS IN THE BULLYING

*Makhadiyeva A.K.¹, Albytova N.P.², Slambekova T.S.³, Makhadiyeva A.K.⁴

*¹PhD, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan, e-mail:

aselek2287@mail.ru

²c.p.s., docent, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

e-mail: nalbytova@mail.ru

³ c.p.s., docent, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan
e-mail: tolkyn_1969@mail.ru

⁴ PhD, Shymkent University, Shymkent, Kazakhstan
e-mail: asema_2189@mail.ru

Abstract. The formation of psychological comfort, psychological health, and a psychologically safe environment for individuals and the younger generation, not only at the state level, but also in the global space, is becoming humanity's primary problem. Terrorism, bullying, cyberbullying, aggressive behavior, and mobbing are all gaining traction in today's society among teenagers. Bullying and cyberbullying are especially common among teenagers, according to current statistics. Bullying in schools was addressed in America 40-50 years ago, and in Scandinavian countries since the 1970s and 1980s. Because of the advancement of digital technologies, the issue of cyberbullying has become more prevalent.

Bullying is defined as psychological pressure, negative influence, intimidation of others, and physical or psychological terror on the part of an individual or group. Bowling is introduced to children with poor health, low social status, obvious physical abnormalities (cleft lip or sensorineural hearing loss, some phenotypic features, etc.), according to the researchers.

Bullying is considered aggressive behavior. Bullying causes harm to a person's health, honor, and dignity, lowers self-esteem, and fills the mind with fear.

Bullying participants take on various roles, both conscious and unconscious. As a result, the article focuses on determining the role position of bullying participants. Throughout the study, a psychological portrait of bullying participants was compiled based on the works of foreign and domestic researchers from far and near abroad, and the structure of bullying was revealed (bullers, followers, victims, supporters, passive supporters, defenders, caring defenders, potential defenders). During the study, the role position of the bullying participants was differentiated based on an empirical study using E.G. Norkin's "Bullying structure" method. They are as follows: manager, assistant, victim, defender, and observer.

Based on the study's findings, recommendations for preventing bullying among adolescents were made in the article.

Keywords: bullying, adolescence, role positions, manager, assistant, victim, defender, observer

Статья поступила 14.08.2023